

**Қазақстан-Сауд Арабиясы халықаралық "КазСАЭФ" экологиялық қайырымдылық қоры туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 1996 жылғы 28 ақпандағы N 258 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.22. N 1239 қаулысымен.

Экологиялық тепе-теңдікті қалпына келтіру, жабайы жануарларды тиімді пайдалану және қорғау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі жануарлар дүниесін пайдалануға шарттар жасау жөніндегі Қазақстан-Сауд Арабиясы халықаралық "КазСАЭФ" экологиялық қорының /бұдан әрі Қор/ ұсынысын қарайтын болсын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы Экология және биоресурстар министрлігімен бірлесе отырып екі ай мерзімде республикадағы жануарлар дүниесін қорғау мен жетілдіру бойынша жұмыстарды жүргізуге Қорды тарту жөніндегі шараларды әзірлесін.

3. Министрліктер, мемлекеттік комитеттер мен басқа да орталық атақарушы органдар, облыстардың және Алматы қаласының әкімдері Қордың қалыптасып, дамуына, жабайы жануарларды қорғауды ұйымдастыруға қажетті шаралар қабылдауға жәрдем көрсетсін.

4. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі Қазақстан Республикасының Үкіметі жыл сайын бекітетін лимиттер мен квоталар шегінде белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдалануға Қорға рұқсат беру жөніндегі мәселені шешетін болсын.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*